

ТЕРГЕУДІҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

ҚОСШЫДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕККЕ КЕЛДІ

Қазақстан ішкі істер саласындағы жаңғырту жолын батыл әрі жүйелі түрде жалғастырып келеді. Әсіресе, қылмыстық істерді тергеу мен талдауда цифрлық технологияларды енгізу – уақыт талабы. Цифрлық трансформация, жасанды интеллект және деректерді автоматты өңдеу сынды құралдардың бірігуі құқық қорғау саласына тың серпін беріп отыр. Ішкі істер министрлігі қолға алған жаңа жоба – «AI Тергеуші көмекшісі» осы өзгерістердің нақты көрінісіне айналды.



Жаңа бастама алғаш рет Қосшы қаласының полиция бөлімінде сынақтан өткізілді. Қала таңдалуы кездейсоқ емес. Қосшы – халқы күн санап өсіп, урбанизация үдерісі үдемелі жүріп жатқан ірі елді мекен. Өңірімізде тұрғындар саны 120

мыңға жуықтаған. Ішкі істер министрлігі үшін мұндай қала – заманауи технологияларды сынау және енгізу үшін қолайлы орта. Сондықтан жасанды интеллектке негізделген жүйені осы қалада іске қосу шешімі қабылданды.

ҚАЗАҚСТАН РОБОТОТЕХНИКАСЫ ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛДІ

Робототехника, жасанды интеллект, үлкен деректер және машиналық оқыту сияқты бағыттар экономиканың әртүрлі секторларында, соның ішінде өндіріс, медицина, ауыл шаруашылығы және қызмет көрсету салаларында революциялық өзгерістер әкелуде. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл инновацияларды енгізудің маңыздылығын атап өтіп, жаңа қадамдар елдің әлемдік деңгейдегі озық технологиялардың тұтынушысы ғана емес, сонымен қатар өндірушісі болуына ықпал ететінін атап көрсетеді.

Президенттің пікірінше, жас ұрпаққа робототехника, кодтау және инженерлік дағдыларды ерте жастан үйрету – оларды болашақтың талаптарына сай дайындаудың кілті. Бұл – жаңа цифрлық экономиканың қажеттіліктерін қанағаттандыратын бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастырудың негізі.

3

ҚАЛАҒА ТАРТУ, ХАЛЫҚҚА ТАҒЫЛЫМ

Қала күнінің қарсаңында Қосшы тұрғындарына тамаша тарту әзірленіп жатыр. Ұзындығы 2,2 шақырым, ені 20 метр болатын жаңа сквер құрылысы басталып, қала келбетіне жаңаша серпін бермек. Қала өмірінің қызу тынысына табиғи тыныс қосатын демалыс орны тұрғындар үшін жай ғана серуендейтін алаң емес, күнделікті күйбең тірліктен арылып, көңіл тынықтыратын орынға айналуы тиіс. Қала шетінде көз тартар бос жатқан аумақ енді көпшілік сүйсініп келетін, жасыл желекке оранған саябаққа айналғалы тұр.

әлеуметтік жауапкершілігі аясында қолға алынып отыр. Қаланың көркеюіне өз үлесін қосып жатқан «СК Арнау Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұл істі барынша ұқыптылықпен атқаруға кіріскен.



Жобаның жүзеге асырылып жатқаны да жайдан-жай емес. Республика көшесінің шығыс беті – Алтай көшесі мен Қарқаралы тас жолының арасындағы кең аумақ абаттандырылып, қала құрылғанына төрт жыл толуына орай пайдалануға берілмек.

Бір сәт көз алдымызға елестетіп көрейікші: жазғы күннің аптабынан сая беретін жөке ағаштары, балалардың күлкісі мен саябақ ішінде серуендеген үлкендердің жайдары жүздері... Міне, Қосшының жаңа келбеті осылай пайда болмақ. Жоба бизнестің

АРМАННАН – ӘРЕКЕТКЕ

ҚОСШЫЛЫҚ КӨПБАЛАЛЫ АНА ӨЗ КӘСІБІН БАСТАП ЖАТЫР

Мемлекет ұсынған мүмкіндікті ұтымды пайдаланып, отбасылық кәсіпті өркендетіп отырған қарапайым азаматтардың үлгісі көбейіп келеді. Жергілікті жерде еңбек етіп, ел экономикасына серпін беріп отырған мұндай жандардың қатарында Қосшы қаласының тұрғыны, көпбалалы ана Еркежан Сиезхан да бар. Ол мемлекеттік гранттың арқасында өз кәсібін бастап, жылыжай құрылысын қолға алды. Ең бастысы – кәсіп жеке табыс көзіне ғана емес, туған жерге деген құрмет пен балалар болашағына деген жанашырлыққа негізделген. Кәсіпке деген сенімділік пен отбасылық ауызбіршілік бірігіп, тың бастамаға жол ашты.



4

ЦИФРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

ТЕРГЕУДІҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

ҚОСШЫДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕККЕ КЕЛДІ



Фото: Ақмола облысы әкімінің ресми сайтының алаңы

(Басы 1-бетте)

Жобаның ресми таныстырылымы жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Салтанатты шараға Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, Ішкі істер министрінің орынбасары Сәкен Сәрсенов, Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің төрағасы Сабит Нұрлыбай, сондай-ақ ІІМ Тергеу департаментінің бастығы Мұхтар Қожаев арнайы келді. Жиынға қатысушылардың айтуынша, таныстырылған жаңалық – техникалық жетістіктен де биік, елдегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті жаңа деңгейге көтеруге бағытталған келелі қадам ретінде қарастырылуы тиіс.

Цифрлық көмекші тергеушінің орнын алмастырмайды. Керісінше, маманның күнделікті жұмысын жедел әрі тиімді ұйымдастыруға арналған сенімді құрал ретінде қызмет етеді. Тергеу кезінде туындайтын жүктемелі азайтып, дәлелдерді жүйелеу, сұрақтарды нақтылау, куәгерлердің жауаптарын салыстыру сияқты күрделі процестерді автоматты түрде орындайды. Нәтижесінде қателіктер саны төмендеп, процестік шешімдер қабылдау уақыты қысқарады. Әсіресе интернет-алаяқтық, киберқылмыс және цифрлық іздерді зерттеу бағыттарында мұндай көмекші құралдың пайдасы айрықша.

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов жобаның маңыздылығына арнайы тоқталды.

– Қосшы – заманауи әрі қарқынды дамып келе жатқан қала. Мұнда бүгінде 120 мыңға жуық адам тұрады. Пилоттық жоба қоғамның сұранысына жауап беруі тиіс. Ең бастысы – процестік шешімдерді жедел қабылдау, азаматтарымызды құқықбұзушылықтардан қорғау және қылмысты тез ашу. Әсіресе, интернет-алаяқтыққа қатысты істерге байланысты тұрғындар жиі хабарласып, алаңдаушылық білдіреді. Жаңа жүйе осы олқылықтың орнын толтырады деп сенеміз, – деді өңір басшысы.

Соңғы ресми статистикаға жүгінсек, 2024 жылы Ақмола облысында 1 300-ден астам интернет-алаяқтық фактісі тіркелген. Қосшы қаласы осы көрсеткіштің 17 пайызына ие. Яғни, әр алтыншы қылмыстың интернет кеңістігінде жасалатыны анықталған. Тергеу ісінің ұзаққа созылуы – тұрғындар жиі шағымданатын және алаңдаушылық тудыратын негізгі мәселелердің бірі саналады.

Осы тұрғыда «АІ Тергеуші көмекшісі» жобасы өзекті қажеттіліктерге нақты жауап береді. Жүйе тергеу процесінде пайдаланылатын барлық әдістемелерді қамти-

ды және арнайы оқыту базасы негізінде жасақталған. Жоба төрт айдан астам уақыт бойы әзірленіп, бірнеше деңгейлі тексерістен өткен. Жоба әзірлеушілерінің айтуынша, жүйе бірнеше модульге негізделген.

Жүйенің негізгі модульдері – электрондық қылмыстық істер реестрінен (ЕРДР) ақпаратты автоматты түрде өңдеу, құқық бұзушылықтарға құқықтық тұрғыдан нақты баға беру, қылмыстық істің қатысушылары арасындағы өзара байланыс схемасын құру және тергеу жоспарының жобасын әзірлеу. Бұл функциялар тергеу барысындағы барлық процесті бір жүйеге топтастырып, тергеушінің уақытын үнемдеуге және дәлдікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

– Бұл жоба төрт айдан астам уақыт ішінде әзірленді. Ішкі істер министрлігімен бірлесе отырып, барлық тергеу әдістемелеріне сәйкес оқыту жұмыстары жүргізілді. Жүйе тергеу алгоритмдерін өздігінен құра алады. Сондай-ақ әлеуметтік желідегі құқықбұзушылықтар мен цифрлық айғақтарды зерттеу функциясы да қарастырылған, – дейді жобаның жетекшісі әзірлеушісі Ерғали Мәбиев.

Айта кеткен жөн, жасанды интеллектке негізделген жүйе куәгерлердің айғақтарын өңдеп, оларды процессуалдық талаптарға сай нақты түрде тіркей алады. Сонымен бірге әртүрлі тұлғалардың жауаптарын салыстырып, арасындағы сәйкессіздіктерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұрын адам көп уақыт жұмсап атқаратын мұндай күрделі жұмыстар енді автоматтандырылған түрде іске асады. Жоба аясында процессуалдық құжаттарды әзірлеу, фактілерді терең талдау мен болжау, сондай-ақ қылмыстық істің ішкі құрылымын жүйелеу сияқты бірқатар маңызды функция қатар қамтылған.

Жүйенің айрықша артықшылықтарының бірі – жеке деректердің сақталуын толық қамтамасыз етуінде. Цифрлық қауіпсіздікке ерекше көңіл бөлінген. Құпия ақпараттың рұқсатсыз таралуына тосқауыл қоятын техникалық тетіктер мұқият ойластырылған. Азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғау жолындағы осындай қағидаттар – жобаның басты құндылықтарының бірі.

Қорыта айтқанда, «АІ Тергеуші көмекшісі» – құқық қорғау саласындағы цифрлық серпіліс. Қылмыстың алдын алуда, құқық бұзушылықты дәлелдеуде және процестік шешімдерді қабылдауда жаңа сапа қалыптастыра алатын құрал. Қоғамда қауіпсіздікке сұраныс жоғары. Сондықтан мұндай бастамалар уақыттың емес, болашақтың еншісі деуге әбден болады.

«Мерейлі отбасы»

ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

БӘРЕКЕЛДІ!

Ұлттық конкурсқа Ақмола облысынан 103 отбасынан өтінім түскен. Облыстық комиссия отырысының қорытындысы бойынша жеті жеңімпаз отбасы анықталды. Бірінші орынды қосшылық отбасы жеңіп алды.

Әулеттің тірегі – Зұлхажап Самалханұлы, 7 баланың әкесі, 22 немере мен 2 шөберенің ардақты атасы. Еңбекпен есейіп, көлік жүргізушісі ретінде қоғамға адал қызмет еткен нағыз еңбек адамы. Өнерге жақын, домбыра мен гитарада еркін ойнап, айналасына рухани шуақ сыйлаған, ізеттілік пен адамгершілікті

ту еткен ақылман аға, қамқор әке ретінде ұрпағына ұлттық тәрбие дарыта білген асыл азамат.

Әулеттің анасы Қамай Самұратқызы – медицина саласының ардагері, 30 жыл халық саулығына қызмет еткен білікті маман. Қолөнерші, ұлттық дәстүр мен тәлімді тәрбиені ұрпағына аманат еткен аяулы ана, ақ жаулықты әже.

Әулеттен түрлі салада елге еңбегі сіңген азаматтар шыққан. Техника саласының ғалымдары, инженерлер, ұлағатты ұстаздар мен журналистер, мемлекеттік қызметкерлер мен дәрігерлер тәрбиелеген мерей-

лі отбасының мерейі әрдайым биік.

Әке мен ананың мейірімі, тәрбиесі дұрыс қалыптасқан үлкен өнегелі шаңырақтың әр мүшесі – бір-біріне тіреу! Олар – білім мен еңбекті, өнер мен спортты қатар ұлықтап жүрген тату, сыйластыққа толы мерейлі отбасының ұрпақтары.

Отбасының әр мүшесі өз еңбек жолында жоғарғы жетістікке жетіп қана қоймай, адамгершілікті, еңбекқорлықты, рухани құндылықтарды насихаттауда да көшбасшы.

Бұл әулет – бірлігі жарасып, берекесі артқан үлгілі, мерейлі отбасы.



АБАТТАНДЫРУ

ҚАЛАҒА ТАРТУ, ХАЛЫҚҚА ТАҒЫЛЫМ

(Басы 1-бетте)

Құрылыс алаңына арнайы келген Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов атқарылып жатқан жұмыстармен танысып, мердігерлерге нақты ескертулерін айтты.

– Жобаны қағаз бетінде әдемілеп сызу бар да, оны сапалы жүзеге асыру мүлде бөлек. Кейде асығыстықтың салдарынан тас төсеу дұрыс жүргізілмей, ұзақ күттірген нысаннан халықтың көңілі қалып жататыны жасырын емес. Мұндайға жол беруге болмайды. Қала тұрғындары өз қаласында жайлы, қауіпсіз жағдайда өмір сүруі тиіс. Қосшы – Президент Жарлығымен құрылған ерекше мәртебесі бар қала. Біз соңғы уақытта облыс орталығында «Көк шалғын» қоғамдық кеңістігін жаңғырттық, жаңа жағалау салдық. Осындай жобаларды жүзеге асыруда тәжірибеміз жеткілікті. Қосшы тұрғындары да бұл бастаманың игілігін көруі тиіс. Бұл – қала күніне тарту ретінде жасалып жатқан шынайы сый, – деді ол.

Әкімнің сөзімен келіспеу мүмкін емес. Өйткені кейде құрылыстың өзі емес, сапасыз орындалған жұмыстың салдары қала тұрғындарына ауыр тиіп жатады. Ал мұндай нысандар – тек бүгінгі күннің емес, ертеңгі болашақтың да байлығы. Сол себепті тұрғындар да бақылап, қызығушылықпен қарап отыр. «Саябақ біткен соң, кешкісін серуендеп жүрсек, немерелеріміз ойнап жүрсе, одан асқан қуаныш бар ма?», – дейді егде жастағы тұрғындардың бірі. Ал жастар жағы мұндай қоғамдық кеңістіктердің маңызын әлеуметтік желіде қызу талқылап жүр. «Қосшыға нағыз осындай демалыс аумағы қажет еді», – деп жазады қала тұрғындары.

Құрылыс жұмыстарын жүргізіп

жатқан компанияның өкілдері де қол құсырып қарап отырған жоқ. «СК Арнау Сервис» ЖШС бас директорының орынбасары Данияр Жексембиновтің айтуынша, қазіргі таңда шығыс бөліктің топырағы тегістеліп, енді батыс жағына көшкен.

– Біздің жобамыз – шығыс бөлікте «Қосшы» жазуынан бастап 1600 метрді, ал батыс бөлікте 600 метрді қамтиды. Алдағы уақытта брусчатка төселіп, көгал егіліп, шырша, үйеңкі, жеке ағаштары отырғы-



Фото: Ақмола облысы әкімінің ресми сайтының алаңы

зылады. Қазірдің өзінде шамамен 20 арнайы техника құрылысқа жұмылдырылған, – деді ол. Мұндай нақтылық пен жоспарлы жұмыс жобаның тиянақты орындалуына деген сенім ұялатады.

Әкімнің сапары тек сквер құрылысымен шектелген жоқ. Қала күніне орай кезекте тұрған 103 үлескерге баспана кілті тапсырылады деп күтілуде. Облыс басшысы «Сиреневый сад» тұрғын үй кешенінің құрылыс барысын көріп, көп жылдан бері баспанасын күткен азаматтардың

мәселесінің шешіліп жатқанына тоқталды. Он жылдан астам уақыт бойы үміт үзбей жүрген үлескерлер үшін бұл күн – ерекше қуаныш. Жаңа пәтердің есігін ашу, өз үйінің табалдырығын аттау – әр отбасы үшін маңызды оқиға.

Қосшы бүгінде жаңа тыныс алған қала. Жасыл желек, абаттанған алаңдар, жайлы тұрғын үйлер – бәрі де тұрғындардың жайлы өмір сүруі үшін жасалып жатыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, «Нағыз әділетті



Бетті дайындаған:
Жанар Ахметова, журналист
+7 778 878 89 89
t.me/janarakhmet
zhanarakhmetova90@gmail.com



ҒЫЛЫМ АСПАЙТҰҒЫН ҚЫР, АШПАЙТҰҒЫН СЫР ЖОҚ



ТЕХНОЛОГИЯ

ҚАЗАҚСТАН РОБОТОТЕХНИКАСЫ
ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛДІ

(Басы 1-бетте)

Осы орайда біз әлемдік деңгейде балаларды робот құрастыру, бағдарлама құру саласына бейімдеп жүрген робототехникадан Қазақстан құрамасының Қосшы қаласындағы бапкері Даниал Асқатұлынан сұхбат алғанды жөн санадық.

– Робототехника саласына қалай келдіңіз?

– Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданындағы Талшық орта мектебінде бесінші сыныптан бастап робототехникамен айналыса бастадым. Оқушы кезімнен қызығушылығым басым еді. Ынта-жігерімнің арқасында облыстық, қалалық, аудандық жарыстарға қатыстым. 2019 жылы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша бірінші орын алдым. Сол жылы Қазақстан бойынша өткен робот құрастырушылардың арқасында бірінші орынды иеленіп, чемпион атандым. 2021 жылы Астана қаласына «ақпараттық жүйе, IT маманы» саласына оқуға түстім. Коллежді аяқтап, дипломын қолға алып, осы саладағы

– Алдымыздағы ең үлкен мақсат – әлем чемпионы болу. Қосшы қаласының балаларын әлемдік дәрежеге көтеріп, алдыңғы қатардан бой көрсетсек екен деймін. Америкаға барып, балаларға үлкен бәсекенің қандай болатындығын, әлемдік дәрежеде қалай даму керек екенін көрсете алсам, ары қарай үлкен белес, жетістіктер көп. Осы бағытта жалықпай, талмай, үнемі ізденіспен, тоқтамай жұмыс істеу маңызды болып тұр.

– Бала бұл үйірмеде нені үйренеді, не нәрсеге машықтанады?

– Робототехника – логикалық ойлау мен проблемаларды шешу дағдысын қалыптастыратын керемет орта. Робот құрастырып, бағдарлама жасау кезінде балалар логикалық тізбектерді құруды, қате табуды, оның тез арада шешіп, түзетуді үйренеді. Сонымен қатар робототехника идеяларын жүзеге асыруға, жаңа дүние ойлап табуға ынталандырады. Бұл дегеніңіз – инновациялық дамуға мүмкіндік беретін тегік. Роботтарды жобалау

ақпараттық жылдамдығы басым, цифрлық әлемде балалар бағдарлама құруды меңгереді. Ұсақ моториканы дамытуда да робототехниканың үлесі басым. Бұл үйірме баланы инженерлік, техникалық, бағдарламау, ғылым саласына қызықтырып, осы салада мықты маман болуына жетелейді. Біздегі балалар 5-8 жас аралығында тек конструкциямен айналысады, 8-12 жас аралығында бағдарлама құрып, жинаумен айналысады, 12 жасынан бастап математикалық дәлдікпен робот құрап, жүйелі жұмыс істейді.

– Жеткен жетістіктеріңізді саралап өтсеңіз екен...

– Үйірме жұмысы тұрақталғаннан кейін, балаларды түрлі деңгейдегі жарыстарға қатыстыра бастадым. Астана қаласында өткен алғашқы жарыста орын ала алмадық. Бұл бізге тек үлкен алаңда бағымызды сынап, тәжірибемізді арттыруға зор мүмкіндік болды. Көкшетауда өткен облыстық жарыста Қосшы қаласының робототехникамен айналысатын балалары бірінші орын алып,



облысында үздік үштіктен түспеуге барымызды салдық. Өздерін жан-жақты көрсете білген, робот құрастыруда мықты деген алты баламен үздіксіз жұмыс істеп, нәтиже көздедік. Осы балалар Қазақстанның робототехника құрамасына қабылданды. Жыл басында Астана қаласында республикалық жарыс өтті. Алдыңғы орын иеленген топтар Қазақстанның атынан Түркия еліне жолдама алатын болды. Сол жарыста мен дайындаған төрт команда бірінші, екінші орынды қанжығаларына байлап қайтты. Анталия қаласында Еуразия бойынша ұйымдастырылған жарыста бірінші, үшінші, төртінші орынды иеленіп, қараша айында Италияның Рим қаласына барып, бақ сынайтын болды. Бұл дегеніңіз Қосшы қаласының жеткіншектері әлемдік деңгейде өнер көрсетеді деген сөз. Дайындық мықты, үздік көрсеткіш болады деп сенеміз. Жарыстарға дейін бала робототехникаға тек ойын, уақыт өткізу деп қараса, жарыстан кейін үлкен ықылас пайда болады екен. Әлемдік деңгейде көрінген шәкірттеріміз өмірлік жолдарын, мамандықтарын да осы саламен оңай байланыстыра алады деп білемін.

– Балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру үшін қандай тәсілдерді қолданасыз?

– Шәкірттерімді қабілетіне қарай топтарға бөліп жұмыс істеген

ыңғайлы. Роботты қалай жинау керек, қалай бағдарламасын жасау керек, физика мен математикамен қалай байланысады деген сұрақтардың төңірегінде сабақ өтеді. Қиялы мен ойлау қабілетінің ауқымына қарай балалар жұмысты тез алып кетеді. Робот құрастыру идеядан басталып, оны жүзеге асыруға дейінгі кезеңдерді қамтиды. Оның ішінде жоспарлау, орындау, жетілдіру, тестілеу бар.

– Балалардың арасында медицина, спорт, білім, туризм саласына қызмет ете алатын робот құрастыруды көздейтіндері бар ма? Осы бағыттағы жоспарларыңыз қандай?

– 18 жасқа дейін балалар түрлі жарыстарға қатысып, қабілетін көрсете алады. Ары қарай да қызығушылығы болса, түрлі жоба жасап, медицинада, ғылымда, құрылыс саласында, экологияға тиімді үлес қосатын роботтар құрастыру жоспарымызда бар. Ол үшін бізде құрал-жабдық та, оған ыңғайлы қабілетті балалар да бар. Сондықтан Қазақстанның инновациялық болашағы мықты деп санаймын. Бұл салаға қызығатын балалардың көптігі қуантады.

– Әңгімеңізге рақмет, үміт-ақтайтын, мықты шәкірттеріңіздің қатары арта берсін!

Сұхбаттасқан Гүлназ БИСЕН



еңбек жолым басталып кетті. Үйірме жұмысын нәтиже көрсету үшін екі баламен бастаған болатынымын. Екі жылдың ішінде шәкірттерімнің қатары екі жүзге көбейді. Бұл жақсы көрсеткіш деп ойлаймын.

– Робототехниканың болашағын қалай елестетесіз?

кезінде балалар автоматты түрде математикалық есептеулермен, физика заңдарымен танысады. Бұл сол пәндерге деген қызығушылықтарын арттырады. Көптеген жобалар топтық жұмысты талап етеді. Осылайша ортақ мақсатқа жұмыс істеу үшін міндеттер мен идеяны бөлісуге тырысады. Онымен қоса

үлкен жетістік биігінен бір көрінгеніміз бар. Жарыстың не екенін көрген балаларда қызығушылық арта бастады. Жарыстың өткізілу деңгейін көріп келгеннен кейін жұмыс істеу методикасын ауыстырдық. Сол жылы бес түрлі жарысқа қатысып, оның төртеуінен жүлде алдық. Астана қаласы мен Ақмола

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАЛАРЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙТІЛДІ

Өңірде қаржы пирамидаларына қарсы белсенді жұмыс жалғасуда. Соңғы екі жарым жыл ішінде өңірде 10 қаржы схемасының қызметі тоқтатылып, нәтижесінде 4 мыңнан астам азамат зардап шеккен. Жоғалған қаражаттың жалпы сомасы 1,4 миллиард теңгеден асты.

Экономикалық тергеу департаментінің мәліметінше, облыс бойынша тек 2023-2024 жылдары «Chia Tai Pharmaceutical», «SincereSystemsGroupLtd», «Charoit» секілді алты қаржы пирамидасы әшкереленген. Бұл ұйымдарда 2 304 адам тіркеліп, олардан 415 миллион теңге көлемінде қаржы жиналған. Ұйымдастырушылар қылмыстық жауапкершілікке тартылып, мемлекет пайдасына пәтер

мен автокөлік тәркіленген (жалпы құны – 10 миллион теңгеден астам). Сондай-ақ үш жарнама беруші де сотталған.

2025 жылдың басынан бері тағы төрт қаржы пирамидасы анықталды, олардың қатарында «BuyersUnion», «S-Group» және Көкшетау қаласында жұмыс істеген жаңа ұйым «Lemon» бар. Бұл пирамида 100 адамды алдап, 34,5 миллион теңге жинаған. Ең ірісі ретінде

«AsarBaspana» тұтыну кооперативі танылып отыр, ол Щучинск, Степногорск және Атбасар қалаларында әрекет етіп, 2 мыңға жуық адамның қаржысын иемденген. Шығын көлемі 1 миллиард теңгеге жуықтады.

«Қаржы пирамидаларын ұйымдастырушылар әлеуметтік желілерде белсенді әрекет етіп отыр. Сондықтан қылмыстық шаралармен қатар алдын алу жұмыстары да жүргізілуде, күмәнді жобаларды насихаттайтын аккаунттар мен сайттар бұғатталуда», – деп атап өтті департаментте.

Осы жылдың өзінде 8 чат пен аккаунт бұғатталып, оларда 2 мыңға жуық қолданушы болғаны анықталған. Сонымен қатар 421 интернет-сілтеме бұғаттауға жіберілді, олардың

396-сы қазірдің өзінде қолжетімсіз, қалғандары уәкілетті органмен келісу кезеңінде.

Департамент өкілдері қаржы пирамидасының жоғары табыс уәдесімен жаңа қатысушыларды тарту арқылы жұмыс істейтін алаяқтық схема екенін ескертеді. Ең бастысы – «жеңіл табыс» уәдесіне сенбеу және кез келген инвестициялық ұсыныстың заңдылығын мұқият тексеру.

Қаржы пирамидаларына қарсы күрес – Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан «Заң және тәртіп» жүйесінің маңызды бөлігі. Оның басты мақсаты – құқықбұзушылықтың алдын алу және азаматтардың құқығын қорғау.

Өз тілшімізден

АРМАНИАН – ЭРЕКЕТКЕ

ҚОСШЫЛЫҚ КӨПБАЛАЛЫ АНА ӨЗ КӘСІБІН БАСТАП ЖАТЫР

Грант жөніндегі ақпарат құлағына тиген сәтте, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаулардың ел ішінде нақты іске айналып жатқаны жігерлендірді. Әйелдер мен отбасылық кәсіпкерлікті дамытуға

Қаражат қолға тиген бойда нақты іске бағытталды. Әрбір теңге максатты түрде, есеппен жұмсалуда. Жылыжай кешеніне қажетті құрал-жабдықтарға тапсырыс беріліп, дайындық жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Жобаның әр бөлшегі өңір климатының ерекшеліктерін ескере отырып, үзік мерзімге және төзімділікке негізделіп жасалған.

– Қысы маусымда тұрақты жылу

Еркежан үшін шабыттың ең үлкен көзі – балалары. Солардың жанарына қарап, еңбектің қадірін үйреткісі келеді. Табандылық пен



Фото кейіпкердің отбасылық архивінен

Кәсіпке қарай жасалған әр қадам – әділетті қоғам мен белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру жолындағы нақты әрекеттің көрінісі.

Еркежан ешқашан оңай жол іздеген емес, сырттан келетін сәттілікті күтіп отырмаған жан. Жауапкершілікті иығына артып, алғашқы қадамға өзі барды. Төрт баланың анасы кәсіп бастап жатса, сенім артқан кез келген жан да табысқа жете алады. Ниет пен қажыр болса, нәтиже де алыс емес. Ең бастысы – әрекетке көшіп, алға ұмтылу.

ЭКРАНДАҒЫ ЕСКЕРТУ, ӨМІРДЕГІ ӘРЕКЕТ



Фото Ақмола облысы прокуратурасының сайтынан алынды

Сонымен қатар мамандар бейтаныс сілтемелерге өтпеуге, күмәнді сайттарға жеке деректерді енгізбеуге кеңес берді. Электронды хат

Қосшыда өткен шара – интернет алаяқтарымен күресудің бір ғана мысалы. Мұндай кездесулер тұрғындардың құқықтық сауатын арттырып қана қоймай, оларды ойлануға, сәк болуға үйретеді. Себебі қазіргі заманда қауіп тек көше бойынан емес, қалтадағы смартфон экранынан да келуі мүмкін. Интернет кеңістігінде де қарапайым ережелерді сақтау – әрбір азаматтың өз өмірі мен мүлкіне деген жауапкершілігі.



ҚОСШЫ ҚАЛАСЫ

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ 4 ЖЫЛДЫҒЫН МЕРЕКЕЛЕУГЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

21 шілде	«Сүйікті қалам, Қосшы!» жас суретшілердің көрме-жәрмеңкесі Лесная поляна аллея 18:00
21 шілде	Ашық аспан астындағы концерт №2 мектептің сыртқы алаңы 19:00
22 шілде	«1461 тәулік біргеміз!» TEDxQosshy конференция Қоғамдық мәдени-спорт кешені 18:00
22 шілде	«QOSSHY» ойын-сауық театрының тұсаукесері Қоғамдық мәдени-спорт кешені 18:00
23 шілде	Әнші Асқар Мұқияттың «Сарыарқа» шығармашылық ән кеші Қоғамдық мәдени-спорт кешені 19:30
24 шілде	«KROSS – Салауатты өмір салты – 2025» 4 шақырымдық марафон «Alan» спорт кешені 07:00
24 шілде	«Түйе палуан» қазақ күресінен сайыс «Alan» спорт кешені 14:00
24 шілде	«Кешкі жәрмеңке» қолөнер шеберлерінің туындыларының көрме-жәрмеңкесі Қоғамдық мәдени-спорт кешені 18:00
25 шілде	“Шәмші әуендері” қала тұрғындарымен 300 жұптық вальс биін билеу №2 мектеп алаңы 19:00
26 шілде	“Туған күніңмен, ҚОСШЫ!” Республикалық жайдарман ойыны Қоғамдық мәдени-спорт кешені 18:00
27 шілде	«Туған күніңмен, Қосшым!» эстрада жұлдыздарымен Open AIR концерт Академия алаңы Республика 94 19:00

#ТУҒАНКҮНІҢМЕНҚОСШЫ!

#ТУҒАН КҮНІҢ МЕН ҚОСШЫ!



 zhanarakhmetova90@gmail.com

**Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС**

**Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ**

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС,
Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172)99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

 janabastau2022@gmail.com
 **www.janabastau.kz**